



«МЕЖДУНАРОДНАЯ АКАДЕМИЯ НАУК ПЕДАГОГОВ
и ИНТЕЛЛЕКТУАЛЬНЫХ ДЕТЕЙ»

«ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТӘРБИЕШІЛЕР мен ЗИЯТКЕРЛІК
БАЛАЛАР ҒЫЛЫМДАР АКАДЕМИЯСЫ» ҚҚ



стр. №9



Жакаева Айгүл Сейтжановна,
представитель ОФ «МАНПиИД» по городу Алматы

№2

Октябрь
2024 год

ТӘРБИЕШІ мен БАЛДЫРҒАН

Международный
музыкально - творческий,
образовательный журнал



Асық алтын қазынам!

Шабакова Гулден Шуакбаевна,
Ақтөбе қаласы
№32 «Қуаныш» балабақшасының
тәрбиешісі

Мақсаты: Біртұтас тәрбие бағдарламасы аясында атадан балаға өнеге болып қалар қазақ ұлтының ұмытылып бара жатқан дүниелерінің бірі асықты балаларға таныстырып көрсету, ойнату, түсіндіру. Ұлттық ойындар арқылы балалардың ойлау қабілеттерін дамыту, сандарға сәйкес суреттерді табу, ұлттық дәстүрлерді дәріптеу. Ойын үстінде балаларды сергіте, қуанта отырып, белсенді әрекетке жұмылдыру, ой-өрістерін, тіл байлығын дамыту. Ойын арқылы білімдерін жетілдіру, балаларды сабырлыққа, ептілікке, шапшаңдыққа тәрбиелеу.

Тәрбиеші: Асық – қазақ халқының ұлттық ойыны. Асық төрт түлік малдың сүйегінен алынады. Оның түрлері көп. Атап айтқанда сақа, кеней, шүкейт, көктабан және тағы басқа да түрлері бар. Асықтың тұрысының өзі әртүрлі боп бөлінеді. Алшы, тәйке, бүге, шіге, омпы, шоңқай. Асықтың осы тұрыстарынан оң жақ және сол жақ екенін ажырата аламыз. Асық ойыны – қазақ халқының ежелгі өте кең тараған ойындарының бірі.

Бүгінгі таңда біздің балабақшамызда осы ұлттық ойындармен, яғни жаңа технология – асық терапиясымен күнделікті оқу қызметімізде пайдаланып келеміз. Сондықтан балалар, бүгінгі келген қонақтарға өзіміздің ұлттық ойындарымыз туралы, соның ішінде асық-алтын қазынамыз екенін бүгінгі оқу қызметімізде көрсететін боламыз.

Тәрбиеші: Ал, енді балалар асықпен ойнайтын түрлі ойындар дайындадым. Ол үшін топқа бөлініп алайық. Балалар мен сендерге үш түсті асық суреттерін жасырдым, сол асықтықтың түсіне қарай топқа бөлінеміз.



1-топ. «Жасырылған асық!»

(Түрлі-түсті күріш арасынан жасырылған асықты табамыз!)

2-топ. «Пішіндер»

(Берілген пішін суретін асық арқылы жиектеп пішінін жасау)

3-топ. «Тас қамал»

(Асық арқылы қамал құрастыру)



2 –тапсырма «Ханталапай» «Асық ату»

(Екі топқа бөлініп Қыз балаларымыз «Ханталапай», Ер балдарымыз «Асық ату» ойынын ойнады)

Қорытынды: Асық туралы мағлұмат алды.Қарапайым математикалық ұғымдарды қалыптастыру. Асықтармен ойын ойнап, түстерін ажыратып, санай білуді меңгерді.





89 из 116





<i>Бағдаршам еліне саяхат.....</i>	<i>62</i>
19. Адильгереева А.В.	
<i>Су асты патшалығына саяхат.....</i>	<i>66</i>
20. Адышева А.С.	
<i>Біз өнерлі баламыз.....</i>	<i>68</i>
21. Аскарова Э.Ж.	
<i>25 қазан - Республика күні (Қазақстан – туган елім, ұлы өлкем).....</i>	<i>71</i>
22. Есеналиева М.А.	
<i>Ғажайып ғарыш.....</i>	<i>75</i>
23. Кемелова Ж.А.	
<i>Бағдаршам</i>	<i>78</i>
24. Оразбаева А.С.	
<i>Ұлттық құндылықтарымызды ұмытпайық!.....</i>	<i>81</i>
25. Сапашова А.Т.	
<i>Біз бір жылда не үйрендік?.....</i>	<i>83</i>
26. Шабакова Г.Ш.	
<i>Асық алтын қазынам!.....</i>	<i>87</i>
27. Сүйінбаева Ж.Қ.	
<i>Үш көбелек.....</i>	<i>90</i>
28. Мамбеткулова Э.С.	
<i>Сандар сыры.....</i>	<i>93</i>
29. Қуат Ж.Б.	
<i>«Алма» ертегісі.....</i>	<i>95</i>
30. Қали К.Қ.	
<i>Әжемiзде қонақта.....</i>	<i>98</i>
31. Мұрат Ұ.С.	
<i>Күзгі еңбек.....</i>	<i>100</i>
32. Бимаханова Б.А.	
<i>Асық атты балақай, алыш түсті алақай!.....</i>	<i>102</i>
33. Балмағамбетова А. А.	
<i>Үй жануары түйе.....</i>	<i>105</i>
34. Аяпбергенова И.Х.	
<i>Мен және менің дене мүшелерім!.....</i>	<i>107</i>
35. Аюшева Ж.Қ.	
<i>Қыз еркем – анасымен көркем</i>	<i>109</i>
36. Касанова А.М.	
<i>Аурухана.....</i>	<i>111</i>